

## "Қазақстан халқының рухани даму қоры" акционерлік қоғамын құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1226 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 24 ақпандағы № 90 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 24.02.2017 № 90 қаулысымен.**

"Қазақстан халқының рухани даму қоры" акционерлік қоғамын құру және қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 1 желтоқсандағы N 703 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазақстан халқының рухани даму қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні:

1) Қазақстан халқының мәдени құндылықтары мен дәстүрлерінің дамуына тұрақты мониторинг жүргізу және оны қолдау;

2) қазақстандық мәдениеттің әлемдік мәдени кеңістікке кірігуін дамыту және тереңдету жөніндегі серпінді жобаларды іске асыру;

3) Қазақстан Республикасын әлемдік мәдени кеңістікке сәйкестендіру жөніндегі зерттеу мен негіздеме;

4) мәдениет пен өнер саласындағы жобаларды талдау және олардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

5) Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін рухани байытуға және олардың халықаралық мәдени алмасуға қатысуына жәрдемдесу;

6) елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жыл сайынғы байқау-конкурстар, фестивальдар, семинарлар, мұражай және кітап көрмелерін ұйымдастыруға және өткізуге ықпал ету болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қоғамның жарғысын бекітуді;

2) қоғамды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетіне қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын беруді;

4) қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруды 58400000 (елу сегіз миллион терт жүз мың) теңге мөлшерінде 019 "Бұқаралық ақпарат құралдарын институционалдық дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша 2008 жылға арналған республикалық бюджеттен көзделген қаражат есебінен жүзеге асыруды;

5) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. "Қазақстан Республикасында Мәдениет пен өнерді қолдау мемлекеттік қоры туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1394 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 23 желтоқсандағы  
N 1226 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншік түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесі:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-95-жолмен толықтырылсын:

"21-95. "Қазақстан халқының рухани даму қоры" АҚ".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

көрсетілген қаулыға қосымшада :

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы 224-33-бөліммен толықтырылсын:

"224-33. "Қазақстан халқының рухани даму қоры" АҚ".

**3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.**

4. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 маусымдағы N 610 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., N 31, 316-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде :

"Өзге ұйымдар" деген бөлімнің реттік нөмірі 34-жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"34. "Қазақстан халқының рухани даму қоры" акционерлік қоғамы".